




2016ж. қаңтар-наурыз

ҚР Ұлттық Банкі

**Қазақстан экономикасына қысқаша шолу****Негізгі түйіндер****2016ж. қаңтар-наурызында қысқа мерзімді экономикалық индикатор төмендеді**

2016ж. қаңтар-наурызында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 0,6%-ға төмендеді. Саудада, өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы, және байланыста көлемдердің қысқаруы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуіне себепші болды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ЖІӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

**1. Макроэкономикалық индикаторлар****1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер**

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-наурыз	2016ж. наурыз	% -бен		2016ж. наурыз 2015ж. ақпанына
					2015ж. қаңтар-наурызына	2015ж. наурызына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ЖІӨ (2015ж. үшін алдын-ала деректер)</b>	млрд.теңге	<b>40 878.0</b>		<b>101,2*</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	4 058.0	1 453.9	99.2	98.2	113.3
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	317.8	125.5	102.9	102.9	130.5
4	Құрылыс	млрд.теңге	287.2	129.7	106.0	108.7	138.0
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	118.7	40.1	100.3	100.6	104.4
6	Байланыс	млрд.теңге	165.5	54.5	95.7	95.2	102.4
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	1 535.2	550.2	96.9	99.2	110.9
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	1 157.0	555.1	115.7	131.4	163.2
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			115.1	115.7	100.5
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		5.1			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге		133.9	104.1	101.0	105.4
12	Нақты жалақы индексі*	%		87.3			

\* - Деректер 2015ж. үшін көрсетілген

**Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер**

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-ақпан	2016ж. ақпан	% -бен		2016ж. ақпан % -бен 2016ж. қаңтарына
					2015ж. қаңтар-ақпанына	2015ж. ақпанына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	8.8	4.5	65.6	75.4	103.8
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	5.6	2.8	65.4	75.8	103.1
1.2.	- импорт	млрд. долл.	3.2	1.6	65.9	74.8	105.0
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс*	мың теңге	140.3	70.1	113.7	113.8	100.0

**Ескерту:** Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

**2016ж. қаңтар-наурызында қызмет көрсету саласы, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлікте өсу байқалды.**

## Оң үдерістер

p/c №	2016ж. қаңтар-наурыз %-бен 2015ж. қаңтар-наурызына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-ақпан %-бен 2015ж. қаңтар-ақпанына
1. ЖІӨ (2015ж. үшін алдын-ала деректер)	101,2*	қызмет көрсету саласы, құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу*	
2. Өңдеу саласы	100.3	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100.8
3. Ауылшаруашылығы	102.9	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	102.1
4. Құрылыс	106.0	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	103.7
9. Көлік (жүк айналымы)	100.3	құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100.1
6. Негізгі капиталға инвестициялар	115.7	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	104.1

\* - Деректер 2015ж. үшін көрсетілген

**2016 ж. қаңтар-наурызында саудада бөлшек сауда мен көтерме сауда көлемдерінің қысқаруы есебінен төмендеу орын алды. Өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.**

## Теріс өзгерістер

p/c №	2016ж. қаңтар-наурыз %-бен 2015ж. қаңтар-наурызына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-ақпан %-бен 2015ж. қаңтар-ақпанына
7. Өнеркәсіп	99.2	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	99.7
7.1 Тау-кен өндіру саласы	98.5	шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі	99.1
8. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	96.9	саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	95.7
9. Байланыс	95.7	мобильді байланыс пен жергілікті телефонды байланыстан түскен кірістердің төмендеуі	96.0
10. Инфляция	115.1	тауарлар мен қызметтер топтарының барлығына бағалардың өсуі	114.8
11. Сыртқы сауда айналымы*	65.6	экспорт пен импорттың төмендеуі	57.7
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	65.4	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	57.4
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	65.9	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	58.4

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2016ж. қаңтар-ақпаны 2015ж. қаңтар-ақпанына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2016ж. қаңтары 2015ж. қаңтарына %-дық есеппен келтірілген.




## Жалпы ішкі өнім

## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

## 2015ж. ЖІӨ 1,2%-ға өсті

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, 2015ж. ЖІӨ 2014ж. салыстырғанда нақты көрсеткіште 1,2%-ға ұлғайып, 40,9 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,1%-ға, ал қызмет көрсету 2,4%-ға өсті. 2014ж. салыстырғанда, қызмет көрсетудің өсуі 3,3%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 57,7%-ға дейін өсті.



2015ж. қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы, құрылыс пен қызмет көрсету секторлары ЖІӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Тау-кен саласындағы төмендеу есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы ЖІӨ-іне теріс әсерін тигізді.

## 1.4. Өндіріс әдісімен ЖІӨ дефляторлары

2015ж. үшін өндіріс әдісімен ЖІӨ-дегі дефлятор мәні 99,1%-ды құрады (2014ж.-105,6%). Тауарларды өндіруінің дефляторы- 98,0% (2014ж. қорытындылары бойынша - 106,8%), соның ішінде кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазудың дефляторы - 89,8%, ауыл, орман және балық шаруашылығы - 106,9%, құрылыс - 103,0%, өңдеу өнеркәсібі - 100,3%.


Қызмет көрсетудің дефляторы - 105,9% (2014ж. қорытындылары бойынша - 107,5%), соның ішінде көтерме және бөлшек сауданың дефляторы - 106,6%, көлік және қоймалау - 104,3%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар - 106,7%, ақпарат және байланыс - 102,7%.



## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2015ж. қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. қорытындылары бойынша ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014ж. қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (8,0%-ға өсу). Беларусь, Ресей және Украинада 2015ж. ЖІӨ сәйкесінше 3,9%, 3,7% және 9,9%-ға төмендеу байқалды.



## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 30,0%-ға төмендеп, 2016ж. наурызда баррельге 39,1\$ құрады. Тау-кен өндіру саласында өндіріс көлемдері 2016ж. қаңтар-наурызында 2015ж. қаңтар-наурызымен салыстырғанда нақты көрсеткіште 1,5%-ға төмендеді. Алайда ақшалай көрсеткіште өндіріс көлемдері 15,9%-ға өсті, өйткені теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуінің әсері бұл саланың өнімдеріне бағалардың төмендеуіне қарағанда жоғары болып кетті.

**Мұнай бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2016ж. қаңтар-наурызында оның үлесі 38,0%-ға тең.

2016ж. қаңтар-наурызында өңделмеген мұнайды өндірудің көлемдері (НКИ) 2015ж. қаңтар-наурызымен салыстырғанда 1,3%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтар-наурызында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2015ж. қаңтар-наурызына қарағанда 1,9%-ға төмендеді. 2016ж. наурызында мұнай бағасының индексі өткен айға қарағанда 2,6%-ға өсті. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2016ж. ақпанымен салыстырғанда 12,5%-ға өсті\*\*.



\* - <http://econ.worldbank.org>

\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2015ж. қаңтар-наурыздағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-ақпанында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 48,9%-ға тең болды), Қытайға (10,1%) және Ресейге (8,4%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015ж. ЕО ЖІӨ (28) 1,9%-ға өсті, Ресейде ЖІӨ 3,7%-ға төмендеді, ал Қытайда 2016ж. 1-тоқ. ЖІӨ-нің өсуі 6,7%-ға тең болды.

**Сыртқы сауда айналымы****2016ж. қаңтар-ақпан**

2016ж. қаңтар-ақпанда сыртқы сауда айналымы 34,4%-ға төмендеді (экспорт 34,6%-ға, импорт - 34,1%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2016ж. қаңтар-ақпанында-69,3%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (38,1%) басымдыққа ие. Экспорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: минералды өнімдер - 43,3%-ға, металдар және олардан жасалған бұйымдар - 8,1%-ға.


Импорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар - 43,6%-ға, минералды өнімдер - 39,5%-ға, химия және онымен байланысты өнеркәсіп салалардың өнімдері - 21,2%-ға, мал және өсімдік өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары - 25,8%.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Несиелер бойынша берешек\***

2016ж. наурыздың аяғында жыл басымен салыстырғанда несие көлемдері 1,5%-ға төмендеді

2016ж. наурыздың аяғында экономикаға берілген несие көлемдерінің төмендеуі өткен айға 0,4%-ды құрады. 2016ж. наурызында жаңа несиелерді берудің көлемі өткен айға қарағанда 32,9%-ға ұлғайды (2015ж. наурызымен салыстырғанда 27,0%-ға өсу).

2016ж. наурыздың аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикаға берілген несиелердің көлемі 3,7%-ға ұлғайып, 12,5 трлн теңгені құрады. 2016ж. наурыздың аяғына қатысты, несие көлемдері, көрсетілген кезеңде несиелендіру сәйкесінше 13,5%-ға төмендеген құрылыстан басқа, экономиканың барлық салаларында ұлғайды.



\* - кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет




## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп


## Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-наурызда өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 0,8%-ға азайды (2016ж. қаңтар-ақпанда 0,3%-ға азаю, 2015ж. қаңтар-наурызда - 0,6%-ға ұлғаю). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы түрткі болды.




## Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-наурызда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 1,5%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-ақпанда - 0,9%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-наурызда - 1,1%-ға ұлғаю). Есепті кезеңде мұнай (1,3%), көмір және лигнит (8,5%) және темір рудаларын (28,7%) өндіру төмендеді. Табиғи газ мен түсті металлдар рудаларын өндіру көлемдері ұлғайды (сәйкесінше 7,2% бен 10,0%-ға).



## Өңдеу - өндіріс көлемдеріндегі өсудің жалғасуы


2016ж. қаңтар-наурызда сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,3%-ды құрды (2016ж. қаңтар-ақпанда - 0,8%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-наурызда 0,5%-ға өсу). Металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 7,5%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-наурызда өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 44,7%-ды құрады), соның ішінде асыл және түсті металдар өндірісінің өсуі 11,6%-ды құрады.



## 2.2. Құрылыс


## Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-наурызда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,0%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 94,8% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 12,2%-ға ұлғайды. Алайда 2016ж. қаңтар-наурызда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 44,8% бен 49,9%-ға төмендеді.




**2.3. Ауылшаруашылығы****Мал шаруашылығындағы өнім көлемдері өсуінің жалғасуы**


Ауылшаруашылығы секторы 2016ж. қаңтар-наурызда 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,9%-ға өсті (2016ж. қаңтар-ақпанда - 2,1%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-наурызда 3,0%-ға өсу), бұның ішінде мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 3,0%-ға ұлғайды, өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері өзгерген жоқ.

**Қызмет көрсету саласы****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек тауар айналымының төмендеуі**


2016ж. қаңтар-наурызда бөлшек тауар айналымының көлемдері 2015ж. қаңтар-наурызымен салыстырғанда 3,1%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-ақпанда - 4,3%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-наурызда - 3,6%-ға өсу). Төмендеудің негізгі себебі саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатудағы көлемдерінің 4,4%-ға төмендеуі болған (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі -53,8%).

**2.5. Көлік****Жүк айналымының ұлғаюуы**

2016ж. қаңтар-наурызда көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2015ж. қаңтар-наурызымен салыстырғанда 0,3%-ға ұлғайды, бұл құбыр көлігіндегі жүк ағынының 8,2%-ға артуы себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 26,6%).

**2.6. Байланыс****Қызметтер көлемінің төмендеуі**

2016ж. қаңтар-наурызда байланыс қызметіндегі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,3%-ды құрады (2016ж. қаңтар-ақпанда - 4,0%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-наурызда - 7,3%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 30,8% болатын мобильді байланыстан түскен кірістердің 23,3%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 6,8% болатын жергілікті телефонды байланыстан түскен кірістердің 9,1%-ға төмендеуі.






## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның өсуі

2016ж. қаңтар-наурызда инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,1%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. Айлық инфляция 0,5%-ды құрады, 2016ж. наурызында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,5%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 0,9%-ға, ақылы қызметтер 0,3%-ға өсті.



## 4. Инвестициялар


## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2016ж. қаңтар-наурызда инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,7%-ды құрады (2016ж. қаңтар-ақпанда - 4,1%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-наурызда - 2,9%-ға өсу). Негізгі көз - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, инвестициялардағы бұлардың үлесі 65,1%-ды құрады.

2016ж. қаңтар-наурызда инвестициялардың өсуіне негізгі үлесін меншікті қаражат (16,8%-ға өсу) және басқа да қарыз қаражаты (34,2%-ға өсу) есебінен инвестицияларды қаржыландырудың ұлғаюы енгізді.

Инвестициялардың өсуіне елеулі үлесін өнеркәсіп (22,5%-ға өсу) пен жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (16,3%-ға өсу) енгізді.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыссыздар санының өсуі

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және соңғы айларда 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2016ж. наурызда 2015ж. наурызымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 0,4%-ға (40,1 мың адамға) өсіп, ал жұмыссыздар саны 2,1%-ға (9,4 мың адамға) өсті. Нәтижесінде жұмыссыздық 5,1% деңгейінде қалды.



## 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-наурызында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтар-наурызымен салыстырғанда 4,1%-ды құрады, нақты жалақы индексі 2015ж. наурызына қарағанда 12,7%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. ақпанда 1,2%-ға төмендеуді көрсетті.

